

Оған қоса қалалық, облыстық және республикалық комсомол комитетінің бірде-бір конференциялары онсыз өткен емес, бәрінің бел ортасында жүрді. 1964 жылы мартен цехы ашылғанда баяғы А.Аслопов: «Жанғали, сен домнаны терең меңгердің, енді мартенге кел, мен сенің бойындағы қарым-қабілетіңе сенемін» деп, сонда ауысады. 1986 жылы зейнетке шығады, бірақ комбинат басшылығының: «Жастарды тәрбиелу ісіне керексіз» деген қолқасын жерге тастамай, тағы он жыл бойы жұмысын жалғастырады.

Жанғали Қақабаев туралы әдебиеттер

Алдашева, Р. Сенімі серік болған: [металлургия комбинатының ардагері Жанғали Қақабаев туралы] // Құрыш қала. - Теміртау.- 2013.- 5 сәуір (№14).- 6 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Жанғали Қақабаев

Жаднама

Теміртау, 2016

Уақыт ағымымен зырлап өтіп бара жатқан мына заманда, Қазақстан Магниткасының алып құрылысына атсалысып, комбинаттың іргетасын қалап, бар ғұмырын металлургия саласына арнаған ардагерлеріміздің қатары да күн сайын сиреп барады.

Бүгінде сол майталман металлургтердің ерен еңбек пен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа насихаттай отырып, қажырлы еңбекпен келген мәртебенің әрқашанда бағаланатынын жастардың саналарына кұюды мақсат ете отырып, кезекті кейіпкеріміз жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Тағдыры Теміртаумен тоғысқан ардагерлер қатарында Жанғали Қақабаев ақсақал да бар болатын.

- Мен бұрынғы Семей облысының Бесқарағай ауданына қарасты Семияр селосында дүниеге келдім, әкем бір аяғын майданға беріп келген жауынгер болса, анам үй шаруасында болды, отбасындағы тоғыз баланың бірімін. 1955 жылы 9 сынып оқып жүріп, емтихан кезінде Ақтөбеге тартып кетіп, үш жыл сонда ағарту-мәдениет қызметкері

училищесінде оқыдым. Сөйтіп, 1958 жылы оқуды бітіріп, бір жыл клуб басқарып, еңбек жолымды бастадым,- деп өткен өмір белестерін еске алады ардагер.

Жанғали ақсақал жас кезінде аса қағылез, ширақ қимылды, шебер ұйымдастырушы ретінде танылған, жүрген ортасының сәні бола білген, оның үстіне мәдени шараларды өткізудің маманы болғандықтан айналасына қыз-жігіттер жиналып, өз ортасын нағыз думанға бөлеп жүреді. Бір күні ауылдық кеңестің төрағасы түнгі сағат екілер шамасында шақырып алып, облыстық комсомол комитетінен келген уәкілдің «Елімізде қара метал- лургия саласы қолға алынбақшы, соған әр ауданнан жастарды жинау керек» дегенін жеткізеді. Сөйтіп, тоғызыны ауданнан, үшеуін интернаттан қосып, он екі жігіт болып, оларды өзі басқарып 1959 жылдың 23 мамыры күні Теміртауға келеді.

Міне, осылайша қасиетті Семей топырағына кіндік қаны тамған Жанғали Қақабаевтың тағдыры Теміратудай тұғырлы қаламен табысты .

Комбинаттың домна цехы ұйымдастырылып жатыр екен, оның

басы-қасында жүрген Анатолий Андреевич Аслопов деген азамат бізді қарсы алып:

- Мамандыққа оқуға жібереміз,- деді.

- Біз қара металлургияның не екенін білмейміз,бірақ біз қиындықтан қашпаймыз. Ақша табу үшін келдік, жұмыстан қорықпаймыз,-дедім мен оған сенімді кейіппен.

Осылайша бізді Ресейдің Магнитогорск қаласына оқуға жіберді. Онда барған соң шойын кұюшы мамандығына бір жыл оқыдық, күндіз оқып, кешке жұмыс істедік. Ал 1960 жылы домна цехына жұмысқа орналасып, металлургия саласына кірісіп кеттік,-дейді ақсақал.

Сол жылдары домнашылар қаламыздағы №3 мектеп-интернатқа шефтік көрсетуді өз міндетіне алған еді, бұл бойында ұйымдастырушылық қабілеті бар, қолында мәдени саланың маманы деген дипломы бар, жұмыс тәжірибесі бар Жанғали Қақабаев үшін тіпті керемет болды, ол үнемі мәдени іс-шаралар ұйымдастырып, балалардың арасындада алғысқа бөленіп жүрді. Бұл оның қоғамдық жұмыстарды да белсене атқарғандығын аңғартса керек.